

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!



3-БЕТ

Ағал қызметкер - жастарға үлгі



4-БЕТ

Соңғы қоңырау



8-БЕТ



ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№46 (3675)
21 маусым 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЗАҢНАМА – АҚЫЛДЫҢ ДАУЫСЫ, АЛ СУДЬЯ – ЗАҢНЫҢ ДАУЫСЫ»



«Заңнама – ақылдың дауысы, ал судья заңның дауысы болуы керек» деген екен ежелгі грек ойшылы Пифагор. Сол айтпақшы, заңның дауысы, заңдылықтың кепілі болып келе жатқан судьялардың сот әділдігін орнатып, құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі міндеті зор. Біздің елімізде сот құрылымының жұмысын бір жүйеге түсіріп, судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайтуға қатысты реформалар бір сәт те назардан тыс қалған емес. Еліміздің бас құжаты – Конституциядан бастап, «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда бұл анық дәйектелген.

(Соңы 3-бетте)

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Судьялар қауымдастығы мен сот жүйесінің қызметкерлері 24 маусымда өздерінің кәсіби мерекелерін – Судья және сот қызметкерлері күнін осымен үшінші мәрте атап өтпекші.

Бұл күнтізбедегі кезекті күннің бірі емес. Осыдан тура 32 жыл бұрын мемлекетіміз тәуелсіздік алған алғашқы күндерде «Қазақ КСР-нің сот құрылымы туралы» заң қабылданып, онда әділеттілікті тек сот жүзеге асырады деп жарияланды. Осылайша Қазақстандағы сот жүйесі құқықтық мемлекеттің ең маңызды институттарының біріне айналды.

Содан бері еліміздегі экономика мен демократиялық үдерістердің дамуы заңдылық пен әділеттілікті, конституциялық құрылымды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мызғымас кепілі ретінде сот жүйесінің нығайтуына тікелей байланысты.

Осы жылдар бойы сот-құқықтық реформалар жүргізіліп келеді. Оның пайымы әрі серпінді қадамдары сот қауымдастығы органдарын құруға, сот дербестігіне кепілдікті қамтамасыз етуге, сот тәуелсіздігінің іргелі мәселелерін шешуге қабілетті құқықтық мемлекеттің талаптарына сай келетін отандық сот төрелігінің іргетасын нығайтуға бағытталған заңнамалық негізді қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Мемлекетіміз бен сот қауымдастығының өміріндегі түйінді оқиғалар – судьялар бас қосқан барлық 8 съезд, ондағы пікірсайыстар барысында делегаттар өзекті мәселелерді талқылап, олардың шешімдерін ұсынды, сондай-ақ реформалау стратегиялары әзірленді, басты басымдықтар анықталды.

Жылдар бойы сот саласын жетілдіруге қомақты үлес қосып, еліміздегі сот жүйесінің бастауында тұрған біздің аға буын әріптестеріміз айрықша құрметке лайық. Заңдылықты қамтамасыз ету, тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жолындағы қажырлы еңбектері үшін судьялар мен сот қызметкерлеріне алғыс айтамыз. Қандай өзгерістер болса да, біздің міндеттеріміз өзгермейді. Бүгінгі таңда небір жаңа цифрлық технологиялар енгізілгенімен, сіздердің жұмыстарыңыз жеңілдей түспесі анық. Өйткені әрбір істің қорытынды нуктесінде парасатты, дана, әділ әрі заңды шешімді күтетін нақты адам тұр.

Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасының Судьялар одағы сіздерді мерекемен құттықтай отырып, барша судьялар мен сот қызметкерлеріне күй-қуат, игі істеріңізге талай табыс, кәсіби шеберлік, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық тілейміз! Қазақстан халқының алдында судьялардың абыройы арта берсін!

Сәкен АБДОЛЛА,
Жоғарғы Соттың судьясы,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы

• МІНБЕР

Ерден ӘРІПОВ, Қарағанды облыстық сотының төрағасы:

«КӘСІБИ МЕРЕКЕ – СОТ ЖҮЙЕСІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТТІҢ БЕЛГІСІ»

– Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесінің белгіленгеніне де үш жыл болды. Кәсіби мерекенің маңызы неде? Бұл мереке қандай форматта өтуі керек?

– Бұған дейін Конституция күнін өзіміздің кәсіби мереке ретінде қабылдадық. Кейіннен «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданған 25 желтоқсанда судьялар мерекесі деп атап өтіп жүрдік. Алайда ресми бекітіліп, күнтізбеге енгізілмеген соң, бұл күндер кәсіби мереке ретінде мойындала қойған жоқ. Соған орай сот саласының беделі, мәртебесі үшін тынбай

жұмыс істеп жүргендердің кәсібін дәріптейтін, еңбегін бағалайтын арнайы мерекенің керектігі өз ортамызда жиі айтылатын. Мұндай ұсынысты әріптестеріміз БАҚ арқылы да жазып, көпшіліктің назарын аударып жүрді. «Ештен кеш жақсы» демей ме, әріптестердің ұсыныс-тілегінің нәтижесінде «Судья және сот қызметкері күні» кәсіби мерекелер тізімінен ойып тұрып орын алды.

Бұл сот жүйесіндегі айтулы жаңалықтың бірі болды. Кәсіби мереке, бір жағынан, судьялар мен сот қызметкерлерінің мәртебесін көтеріп, жастардың осы мамандықты тандауына игі ықпал етеді. Екіншіден, кәсіби мереке сот саласының беделін нығайтып,



судьяларға деген сенімді де еселей түсетіні анық.

Кәсіби мереке тек күнтізбеге жаңа мерекелік күнді қосып, әріптестерді құттықтау дегенді білдірмейді. Мұндай күн кәсіпке деген халықтың қызығушылығын оятады, сот жұмысына қатысты оң пікірдің орнығуына септігін тигізетін іс-шаралармен айшықталғаны дұрыс. Өздеріңіз білесіздер, сот жүйесіне қатысты сын пікір көп. Оның негіздісі де, негізсізі де бар.

(Соңы 2-бетте)

• ТҰҒЫР

Ләззат ШАЙҒАЛИЕВА, Талдықорған қаласындағы «Жанұя» отбасыларды қолдау орталығының үйлестіруші заңгері:

«ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТ НЕГІЗІ»

– Ләззат Амангелдіқызы, «Жанұя» отбасыларды қолдау орталығының өзге үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардан ерекшелігі неде?

– «Жанұя» орталығы өзгелерден отбасы мен балаларды қолдаумен ерекшеленеді. Ол әлеуметтік жағынан осал, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік кеңес беру түріндегі кешенді бағдарламаларды іске асыру бағытында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетеді. Отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға және ата-ананың жағымды ортасын құруға бағытталған ата-ана тәрбиесі, психологиялық қолдау және балалар бағдарламалары сияқты қызметтерді ұсынады. Барлық қызметтер тегін болып, барша адамдардың сұрақтарына жауап беріп, шешуге тырысамыз.

«Жанұя» орталығы – отбасын қолдау, әлеуметтік байланыстарды нығайту, тәрбиелік бағдарламалар жүргізу және әлеуметтік мәселелердің алдын алу арқылы азаматтық

қоғамды дамытуда да маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, отбасылық құндылықтарды және басқа ұйымдармен ынтымақтастықты ілгерілету арқылы қоғамның тұрақтылығы мен әл-ауқатына ықпал етеді.

– Отбасылық құндылықтарды дамытуда қазір қандай түйткілді мәселелер бар?

– Отбасылық құндылықтарды дамытуда бірқатар түйткілді мәселелер бар. Оның қатарында технологияның әсері, гендерлік рөлдердің өзгеруі, ұрпақтар арасындағы айырмашылықтар, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер әсері, экономикалық қиындықтар, ата-ана тәрбиесі және мәдени әртүрлілік бар. Ана мен баланы әлеуметтік қорғауға қатысты құқықтық заңнаманы жетілдіру олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Бұл қорғау тетіктерін жетілдіруді, әлеуметтік қолдау кепілдіктерін кеңейтуді және құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілікті арттыруды қамтуы мүмкін.

(Соңы 5-бетте)

